

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

№ 161

Жеке тектік қоры
« 14 » 10 2005 ж

Жұрмағамбетова Жаңыл 1925 жылы 25 ақпанда Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданы Бұлан ауыл кеңесінің Қосарал деген жерінде дүниеге келген.

Ақрап орталау мектебін бітіріп, Оралдағы мұғалімдер даярлайтын училищесінде оқып жүргенде Ұлы Отан соғысы басталып, оқуын тастауға мәжбүр болды. Сөйтіп 16 жаста трактор тізгініне отырды. Оралдағы алты айлық бригадирлер даярлайтын курсты бітіріп, соғыс аяқталғанша осы салада еңбек етті.

Ел басына туған ауыртпалық, тылдағы тынымсыз еңбек Жаңылдың жүрек қылын тербеп, өлең шығара бастады.

Осындай тебіреніспен оның қаламынан ауылдағыларға қуат беретін, майданда жүргендерді Жеңіске бастайтын жалынды жырлар жазылды. Ол тұңғыш облыстық ақындар айтысына қатысып (1958 ж), осы айтыста Қаратөбелік Хамит Әбіловпен айтысып, екінші жүлдеге ие болды. Ал, 1959 жылы өткізілген облыстық айтыста бірінші орынды жеңіп алды.

1972 жылы облыс аймағына белгілі Құбайыс Қаратаевтың баласы Жаңғали Қаратаевпен айтысқа түсті.

Бұдан кейінгі айтыстарды Жаңыл апа алдына жан салған емес. Жыр ағынын тасытқан ақын ананың – асыл жырлары жүрекке ұялап, тыңдаушысын бірден өзіне баурап алды. 1952-1982 жылдар аралығындағы бірнеше дүркін айтыстарда бірінші орынды жеңіп алып өнер сүйер жұртшылықтың көңілінен шықты.

1985 жылы Алматыда өткен республикалық ақындар айтысында Жаңыл апайымыз Орал облысының намысын қорғады. 1986 жылы Ж.Жұрмағамбетова Орал мен Қостанай облыстарының ақындар айтысының шымылдығын ашып, Алматы көрермендеріне аналық толғауын толғады.

Мұхит Мерәліұлының 140 және 150 жыл толуына арналған мерейтойлардағы ақындар айтысын ашты.

Облыс, Республика көлеміне жақсы таныс айтыс ақындары Сағит Садықов, Сағынғали Мұқанов, Ғинаят Дінқайыров, Нығымет Нағымов, Хамидолла Қыдыров, Рамазан Ахметов, Сапар Ермұханбетовтермен жыр додасына бірге шығып, үзеңгі қағыстырды.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» дегендей, Жаңыл апайдың қызы Меңдігүл ізін жалғауда. Ал, Асқар, Есен, Дәмелі, Закария, Махмет Жаңыл апаның ізбасарлары.

Жаңыл Жұрмағамбетова сауда саласында 25 жыл жемісті еңбек етті. 50 жылдай еңбек жасаған Жаңыл апа, 1976 жылы зейнеткерлікке шықса да 1990 жылға дейін сатушылық міндетін абыроймен атқарды.

Жолдасы Серғалимен 4 қыз 2 ұл тәрбиелеп өсірген абзал ана. Жаңыл Жұрмағамбетованың ақындығы, еңбек табыстары әрдайым бағаланып, бірнеше дүркін облыстық партия комитетінің, мәдениет басқармасының, облыстық Совет атқару комитетінің, облыстық тұтынушылар Одағы басқармасының, ақыдар айтысын ұйымдастыру комитетінің құрмет грамоталарымен, дипломдарымен, өңірге тағатын белгілерімен марапатталған.

1995 жылы 25 қазанда ақынның 70 жасқа толу мерей тойы облыстық танымал ақындары Қ.Бердіғалиев, Ш.Қыдырниязованың қатысуымен кеңінен аталып өтті.

Ж.Жұрмағамбетова 2003 жылы 22 мамырда өмірден өтті. 2004 жылы 22 мамырда аудандық мәдениет үйінде «Айтыстың алғашқы қарлығашы» атты еске алу кеші оздырылды.

Ақынның көзі тірісінде өмірбаяндық құжаттарын, өлеңдерін жинақтауға көңіл бөлінбеген. Сондықтан жеке тектік құжаттарын жинақтағанда өмірбаяндық құжаттары, баспасөз бетіне жарияланған өлеңдері, айтыстары мардымсыз болды. Негізінен қол жазбалары ғана табылды.

Тізімдемеге 7 (жеті) сақтау бірлігі, 49 есеп бірлігі, соның ішінде 6 (алты) фотосурет енгізілді.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым
филиалының директоры:



Ғ.Рамазанов